

Register your product and get support at
www.philips.com/welcome

FWM210



CS Příručka pro uživatele

EL Εγχειρίδιο χρήσης

PL Instrukcja obsługi

PT Manual do utilizador

HU Felhasználói kézikönyv

RU Руководство пользователя

SV Användarhandbok

SK Príručka uživateľa

UK Посібник користувача

KK Қолданушының нұсқасы

PHILIPS

Мазмұндар кестесі

1 Маңызды ақпарат	2
Мына қауіпсіздік таңбаларын біліңіз	3
2 Mini Hi-Fi жүйеңіз	4
Кіріспе	4
Қораптың құрамы	4
Негізгі құрылғыны шолу	5
Қашықтан басқару құралына шолу	6
3 Жұмысты бастау	8
MW (AM) антеннасын қосу	8
Динамиктерді қосу	8
Қашықтан басқару құралын дайындау	8
Қуатты қосу	9
Сағатты орнату	9
Қосу	9
4 Ойнату	11
Негізгі ойнату әрекеттері	11
Дискіні ойнату	11
USB құрылғысынан ойнату	11
Дыбысты сыртқы құрылғыдан ойнату	11
5 Ойнату опциялары	13
Дыбысты реттеу	13
Қайталап немесе кездейсоқ ойнату	13
Жолдарды бағдарламалау	13
Әр түрлі ақпаратты көрсету	13
6 Радио тыңдау	14
Радиостанцияларды реттеу	14
Радио станцияларды автоматты түрде сақтау	14
Радио стансаларды қолмен сақтау	14
Алдан ала орнатылған радио станцияны таңдау	14
7 Басқа мүмкіндіктер	15
Оятқыш таймерін орнату	15
Ұйқы таймерін орнату	15

8 Өнім туралы ақпарат	16
Ерекшеліктер	16
USB құрылғысының ойнатылатыны туралы мәліметтер	16
Қолдау көрсетілетін MP3 диск форматтары	17
Техникалық қызмет көрсету	17
9 Ақаулықтарды жою	18
10 Ескерту	19

1 Маңызды ақпарат

- Осы нұсқауларды оқыңыз.
- Барлық ескертулерді ескеріңіз.
- Барлық нұсқауларды орындаңыз.
- Желдету саңылауларын бітемеңіз. Өндірушінің нұсқауларына сәйкес орнатыңыз.
- Радиаторлар, жылытқыштар, пештер немесе жылу шығаратын басқа құрылғылар (соның ішінде күшейткіштер) сияқты жылу көздеріне жақын орнатуға болмайды.
- Қуат сымының әсіресе штепсельдік ұштарын, электр розеткаларын және олардың құрылғыдан шығатын жерлерін басылып немесе қысылып қалудан қорғаңыз.
- Тек өндіруші көрсеткен қосымша/қосалқы құралдарды қолданыңыз.
- Тек өндіруші көрсеткен немесе Hi-Fi жүйесімен бірге сатылатын арбашамен, тірекпен, ұштағанмен, кронштейнмен немесе үстелмен бірге пайдаланыңыз. Арбаша пайдаланылғанда, арбаша/құрылғы екеуін жылжытқанда аударылып кетіп жарақат алмау үшін сақ болыңыз.



- Найзағай ойнағанда немесе ұзақ уақыт қолданылмағанда, бұл Hi-Fi жүйесін қуат көзінен ажыратыңыз.
- Барлық қызмет көрсету жұмыстарын білікті қызмет көрсетуші мамандарға істетіңіз. Hi-Fi жүйесі қалай зақымдалса, мысалы, қуат көзі сымы немесе аша зақымдалса, Hi-Fi

жүйесінің ішіне сұйықтық төгілсе немесе заттар құласа, Hi-Fi жүйесіне жаңбыр немесе ылғал тисе, ол дұрыс жұмыс істемесе немесе құлап қалса, оны жөндеуге апарыңыз.

- Бұл Hi-Fi жүйесіне ештеңені тамызбау немесе шашыратпау керек.
- Hi-Fi жүйесінің үстіне қандай да бір қауіп көздерін (мысалы, сұйықтық толтырылған заттар, жағылған шырақтар) қоюға болмайды.
- Батареяны пайдалану туралы ЕСКЕРТУ - Батарея ағып, нәтижесінде дене жарақатының, мүліктің бүлінуінің немесе құрылғының бүлінуін болдырмау үшін:
- Барлық батареяларды қашықтан басқару құралына + және - белгісімен дұрыстап орнатыңыз.
- Қашықтан басқару құралы ұзақ уақыт қолданылмайтын болса, батареяларды алып қойыңыз.
- Желі істікшесі немесе құралды жалғаушы ажырату құрылғысы ретінде қолданылғанда ажырату құрылғысы жұмыс істеуге дайын күйінде қалады.

Мына қауіпсіздік таңбаларын біліңіз

Мына қауіпсіздік таңбаларын біліңіз



Бұл «найзағай белгісі» құрылғыдағы ток соғуы мүмкін оқшауланбаған материалды көрсетеді. Үйдегі барлық адамның қауіпсіздігі үшін өнім корпусын алып тастамаңыз.

«Леп белгісі» жұмыс және техникалық қызмет көрсету проблемаларын болдырмау үшін берілген ақпарат оқылуы тиіс мүмкіндіктерге назар аудартады.

ЕСКЕРТУ: от немесе ток соғу қауіпін азайту үшін осы құрылғы жаңбыр немесе ылғал жерде ашық қалмауы және вазалар сияқты сұйықтықтармен толтырылған заттар оның үстіне қойылмауы тиіс.

АБАЙЛАҢЫЗ: ток соғуды болдырмау үшін штепсельдік ұш пен саңылауды жалпақ жақтарымен келтіріп, толығымен кіргізіңіз.



Абайлаңыз

- Бұл құрылғының сыртқы қорабын шешуші болмаңыз.
- Бұл құрылғының ешбір бөлігін майлаушы болмаңыз.
- Құрылғыны басқа электр құрылғыларының үстіне қоюшы болмаңыз.
- Бұл құрылғыны күн сәулесі тікелей түсетін жерлерден, ашық жалыннан немесе қызудан алыс ұстаңыз.
- Бұл құрылғыдағы лазер сәулесіне ешқашан қарамаңыз.
- Бұл құрылғыны қуат көзінен ажырату үшін қуат сымына, штепсельге немесе адаптерге әрдайым оңай қол жетуін қамтамасыз етіңіз.

2 Mini Hi-Fi жүйеңіз

Сатып алғаныңыз құтты болсын және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өнімді www.philips.com/welcome торабында тіркеңіз.

Кіріспе

Осы Hi-Fi жүйесі беретін мүмкіндіктер:

- дискілерден, USB құрылғысынан немесе басқа сыртқы аудио құрылғылардан дыбыс тыңдау және
- FM/AM радиостанцияларын тыңдау

Дыбысты жақсарту үшін, осы Hi-Fi жүйесі сізге мына дыбыс әсерлерін ұсынады:

- Digital Sound Control (DSC)
- Динамикалық бассты күшейту (DBB)
- Жедел қуатты күшейтуге арналған ең жоғары дыбыс

Hi-Fi жүйесі мына мультимедиалық пішімдерге қолдау көрсетеді:




Қораптың құрамы

Қораптың ішіндегілерді тексеріп, түгендеңіз.

- Негізгі бөлік
- Қашықтан басқару құралы (батареялары бар)
- Динамик қорабы (x 2)
- АМ жақтаулық антеннасы
- MP3 байланыс кабелі
- Пайдаланушы нұсқаулығы
- Жұмысты бастаудың қысқаша нұсқаулығы

Негізгі құрылғыны шолу



- ①
- Hi-Fi жүйесін қосу.
 - Күту режиміне немесе қуат үнемдеу режиміне ауыстыру.

- ② ALBUM/PRESET +/-
- Алдын ала орнатылған радио станцияны таңдау.
 - Алдыңғы/келесі альбомға өту.

3 ■ / ►||

- Ойнатуды тоқтату немесе бағдарламаны өшіру.
- Ойнатуды бастау немесе уақытша тоқтату.

4 DISC

- Диск көзін таңдау.

5 USB

- USB көзін таңдау.

6 Дыбыс деңгейінің контроллері

- Дыбыс деңгейін реттеу.

7 MAX SOUND

- Жедел қуатты күшейтуді қосу/өшіру.

8 DBB

- Динамикалық бассты жақсартуды қосу/өшіру.

9 MP3 LINK

- Сыртқы дыбыс құрылғысын қосу.

10 USB DIRECT

- USB құрылғысын қосу.

11 DSC

- Алдын ала орнатылған дыбыс параметрін таңдаңыз.

12 MP3 LINK/AUX

- MP3 Link/AUX көзін таңдау.

13 TUNER

- Тюнер көзін таңдау.

14 ◀◀ / ▶▶

- Алдыңғы/келесі жолға өту.
- Жол/диск ішінен іздеу.
- Радио станцияны реттеу.
- Уақытты реттеу.


15 ▲

- Диск науасын ашу/жабу.

16 Дисплейлі панель

- Ағымдағы күйді көрсету.

Қашықтан басқару құралына шолу



1 ❶

- Hi-Fi жүйесін қосу.
- Күту режиміне немесе қуат үнемдеу режиміне ауыстыру.

2 ❷ OPEN/CLOSE ▲

- Диск науасын ашу/жабу.

③ CD

- Диск көзін таңдау.

④ USB

- USB көзін таңдау.

⑤ DISP/MUTE

- Дыбысты өшіру/қосу.
- Сағатты және ойнату туралы ақпаратты көрсету.

⑥ Сандық пернетақта

- Жолды тікелей дискіден таңдау.

⑦ PROG/CLOCK SET

- Уақытты орнату.
- Жолдарды және радиостанцияларды бағдарламалау.

⑧ SLEEP/TIMER

- Оятқыш/ұйқы таймерін орнату.

⑨ DSC

- Алдын ала орнатылған дыбыс параметрін таңдаңыз.

⑩ DBB

- Динамикалық бассты жақсартуды қосу/өшіру.

⑪ REPEAT/SHUFFLE

- Жолдарды қайталап/кездейсоқ ретпен ойнату.

⑫ VOL +/-

- Дыбыс деңгейін реттеу.

⑬ MAX

- Жедел қуатты күшейтуді қосу/өшіру.

⑭ ■

- Ойнатуды тоқтату.
- Бағдарламаны өшіру.

⑮ MP3 LINK/AUX

- MP3 Link/AUX көзін таңдау.

⑯ ⏮ / ⏭

- Жол/диск ішінен іздеу.
- Радио станцияны реттеу.
- Алдыңғы/келесі жолға өту.
- Уақытты реттеу.

⑰ ►||

- Ойнатуды бастау немесе уақытша тоқтату.

⑱ PRESET/ALBUM ▲ ▼

- Алдын ала орнатылған радио станцияны таңдау.
- Алдыңғы/келесі альбомға өту.

⑲ TUNER

- Тюнер көзін таңдау.

3 Жұмысты бастау




Ескерту

- Осы жердегіден басқа басқару элементтерін, реттеулерді пайдалану немесе техникалық қызмет көрсету процедураларын орындау зиянды радиацияның шығуын немесе қауіпсіз жұмысты тудыруы мүмкін.


Әрдайым осы тараудағы нұсқауларды реті бойынша орындаңыз.

MW (AM) антеннасын қосу

- 1 MW (AM) жақтаулық антеннасын жинаңыз.



- 2 MW (AM) жақтаулық антеннасын Hi-Fi жүйесінің артындағы **AM ANT** ұяшығына салыңыз.




Динамиктерді қосу



Ескертпе

- Жақсырақ дыбыс әсері үшін тек қамтамасыз етілген динамиктерді пайдаланыңыз.
- Номиналдық қарсылығы берілген динамиктермен бірдей немесе одан жоғары динамиктерді ғана қосыңыз. Осы нұсқаулықтың «Техникалық сипаттамалары» бөлімін қараңыз.

Динамик сымдарын Hi-Fi жүйесінің артындағы динамик ұяшықтарына толығымен салыңыз.



Ескертпе

- Типтік кесте құрылғының астыңғы жағында.


Қашықтан басқару құралын дайындау



Ескерту

- Жарылу қаупі бар! Батареяларды қызудан, күн сәулесінен немесе оттан аулақ ұстаңыз. Батареяларды отқа тастамаңыз.
- Батареяның қызмет мерзімінің азаю қаупі бар! Батареялардың әртүрлі брендтерін немесе түрлерін ешқашан араластырмаңыз.

Қашықтан басқару құралын пайдалану алдында екі AAA батареясын дұрыс жағымен қаратып (+/-), көрсетілгендей салыңыз.



Қуатты қосу




Ескерту

- Өнімді бұзып алу қаупі! Қуат көзінің кернеуі АТ қуат сымның басында басылған кернеуге сәйкес келетіндігін тексеріңіз.
- Ток соғу қаупі бар! Қуат сымын ажыратқанда, әрқашан розеткадан ашадан ұстап суырыңыз. Сымды ешқашан тартпаңыз.



Ескертпе

- АТ қуат сымын жалғау алдында барлық басқа жалғаулардың аяқталғанын тексеріңіз.



Қазақша

Сағатты орнату

- 1 Күту режимінде **CLOCK SET** түймесін екі секунд бойы басып тұрыңыз.
↳ **[SET CLOCK]** (сағатты орнату) жазбасы дисплейде қозғалады, содан кейін **[24H]** or **[12H]** көрсетіледі.
- 2 12/24 сағаттық пішімді таңдау үшін, **⏮** / **⏭** түймесін басыңыз.
- 3 Растау үшін, **CLOCK SET** түймесін басыңыз.
↳ Сағат сандары жыпылықтай бастайды.
- 4 Сағатты және минутты орнату үшін, 2-3-қадамдарды қайталаңыз.



Ескертпе

- Сағатты орнату режимінен шығу үшін, **■** түймесін басыңыз.

Қосу

- **⏻** түймесін басыңыз.
↳ Hi-Fi жүйесі соңғы таңдалған көзге ауысады.

Күту режиміне ауысу

Hi-Fi жүйесін күту режиміне ауыстыру үшін, ϕ түймесін басыңыз.

↳ Сағат (қойылса) дисплейге шығады.

Жүйені қуат үнемдеу режиміне ауыстыру үшін:

Күту режимінде ϕ түймесін 2 секунд басып тұрыңыз.

↳ **[ECO POWER]** (Есо қуаты) жазбасы дисплейде қозғалады, содан кейін артқы шам өшеді.

4 Ойнату

Негізгі ойнату әрекеттері

Ойнатуды келесі әрекеттер арқылы басқаруға болады.

Функция	Әрекет
Ойнатуды тоқтату үшін	■ түймесін басыңыз.
Ойнатуды кідірту немесе жалғастыру үшін	► түймесін басыңыз.
Жолға өту үшін	◀◀ / ▶▶ түймесін басыңыз.
Ойнату кезінде іздеу үшін	◀◀ / ▶▶ түймесін басып тұрыңыз, одан кейін қалыпты ойнатуға оралу үшін жіберіңіз.
Альбомды (MP3/WMA үшін) таңдау үшін	▲ / ▼ түймесін басыңыз.
Жолды тікелей таңдау үшін	сандық түймелерді басыңыз.

Дискіні ойнату



Ескертпе

- Дискіде ойнатылатын аудио мазмұнның бар екеніне көз жеткізіңіз.

- 1 Диск көзін таңдау үшін, **CD** түймесін басыңыз.
- 2 ▲ түймесін басыңыз.
↳ Диск науасы ашылады.

- 3 Дискіні жапсырма басылған жағын жоғары қаратып салыңыз, одан кейін диск науасын жабу үшін, ▲ түймесін басыңыз.
- ↳ [Read] (оқу) шамамен 10 секунд бойы жыпылықтайды, одан кейін ойнату автоматты түрде басталады.

USB құрылғысынан ойнату



Ескертпе

- USB құрылғысында ойнатылатын аудио мазмұнның бар екеніне көз жеткізіңіз.

- 1 USB құрылғысын  ұясына салыңыз.
- 2 USB көзін таңдау үшін **USB** түймесін басыңыз.
- ↳ Автоматты түрде ойнатыла бастайды.

Дыбысты сыртқы құрылғыдан ойнату

Бұл Hi-Fi жүйесінің көмегімен сыртқы дыбыстық құрылғыдан дыбысты ойнатуға болады.

Құлақаспап ұяшықтары бар дыбыстық құрылғы үшін:

- 1 MP3 байланыс көзін таңдау үшін, **MP3 LINK/AUX** түймесін қайта-қайта басыңыз.
- 2 Жинақтағы MP3 кабелін төмендегіге қосыңыз:
- **MP3 LINK** ұяшығына және
 - сыртқы құрылғыдағы құлақаспап розеткасына.
- 3 Сыртқы құрылғыны ойнатыңыз (құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).

Басқа дыбыстық құрылғылар үшін:

- 1 AUX көзін таңдау үшін, **MP3 LINK/AUX** түймесін қайта-қайта басыңыз.
- 2 Дыбыс кабельдерін мыналарға қосыңыз:
- **AUX IN** ұяшықтарына және
 - сыртқы құрылғыдағы **AUDIO OUT** ұяшықтарына.
- 3 Құрылғыны ойнатыңыз (осы құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).

5 Ойнату опциялары

Дыбысты реттеу

Ойнату кезінде дыбыс деңгейін реттеп, дыбыс әсерлерін таңдауға болады:

Функция	Әрекет
Дыбыс деңгейін көбейту/азайту үшін	VOL +/- түймесін басыңыз.
Дыбысты өшіру/қосу үшін	MUTE түймесін екі секунд басып тұрыңыз.
Жедел қуатты күшейтуді қосу/өшіру үшін	MAX түймесін басыңыз.
Динамикалық бассты жақсартуды қосу/өшіру үшін	DBB түймесін басыңыз.
Алдын ала орнатылған дыбыс әсерін (FLAT , OPTIMAL , JAZZ , ROCK және TECHNO) таңдау үшін	DSC түймешігін қайта-қайта басыңыз.

Қайталап немесе кездейсоқ ойнату

- Мыналардан таңдау үшін, **REPEAT** түймесін қайта-қайта басыңыз:
 - 🔁 : ағымдағы жолды қайталап ойнату.
 - 🔁**ALL** (барлығын қайталау): барлық жолдарды қайталап ойнату.
 - 🔁**ALB** (тек MP3/WMA үшін): ағымдағы альбомды қайталап ойнату.
 - 🔁 : барлық жолдарды кездейсоқ ретпен ойнату.

- Қалыпты ойнатуға оралу үшін, **REPEAT** түймесін **[TRK]** (жол) көрсетілгенше, қайта-қайта басыңыз.

Жолдарды бағдарламалау.

Ең көбі 20 жолға дейін бағдарламалай аласыз.

- CD/USB режимінде ойнату тоқтатылған кезде **PROG** түймесін басыңыз.
↳ **[PROG]** (бағдарлама) және алдын ала орнатылған нөмір дисплей панелінде жыпылықтайды.
- MP3/WMA жолдары үшін ▲ / ▼ түймесін басып, альбом таңдаңыз.
- Трек нөмірін таңдау үшін ◀◀ / ▶▶ түймесін басыңыз, сосын растау үшін **PROG** түймесін басыңыз.
- Басқа тректерді бағдарламаға енгізу үшін 2-3 қадамдарды қайталаңыз.
- Бағдарламаланған жолдарды ойнату үшін ▶▶▶ түймесін басыңыз.
↳ Ойнап тұрғанда **[PROG]** (бағдарлама) дисплейге шығады.
 - Бағдарламаны өшіру үшін, ойнату тоқтатылғанда ■ түймесін басыңыз.

Әр түрлі ақпаратты көрсету

Ойнату кезінде уақытты және әр түрлі ойнату туралы ақпаратты көру үшін, **DISPLAY** түймесін қайта-қайта басыңыз.

6 Радио тыңдау

Радиостанцияларды реттеу



Ескертпе

- FM қабылдауды жақсарту үшін, FM антеннасын толық шығарып, орнын дұрыстаңыз.

- 1 FM/MW(AM) тюнер көзін таңдау үшін, **TUNER** түймесін қайта-қайта басыңыз.
- 2 **◀◀ / ▶▶** түймесін 2 секунд басып тұрыңыз.
↳ Hi-Fi жүйесі күшті қабылдау сигналы бар станцияға автоматты түрде реттеледі.
- 3 Көбірек станцияларды реттеу үшін 2-қадамды қайталаңыз.

Сигналы әлсіз стансаны баптау үшін:

- 1 Оңтайлы қабылдау табылғанша **◀◀ / ▶▶** түймесін қайталап басыңыз.

Радио станцияларды автоматты түрде сақтау



Ескертпе

- Ең көбі 30 FM радиостанциясын және 10 MW(AM) радиостанциясын сақтауға болады.

Тюнер режимінде **PROG** түймесін 2 секунд басып тұрыңыз.

- ↳ **[AUTO]** (автоматты) көрсетіледі.
- ↳ Жүйе барлық қол жетімді станцияларды сақтайды және бірінші қол жетімді станцияны автоматты түрде таратады.

Радио стансаларды қолмен сақтау

- 1 FM/MW(AM) радиостанциясын реттеңіз.
- 2 **PROG** түймесін басыңыз.
↳ Алдын ала орнатылған сан жыпылықтай бастайды.
- 3 Нөмірді таңдау үшін, **▲ / ▼** түймесін қайта-қайта басыңыз.
- 4 Растау үшін қайтадан **PROG** қайтадан басыңыз.
- 5 Басқа станцияларды сақтау үшін, 1-4-қадамдарды қайталаңыз.



Ескертпе

- Алдын ала сақталған станцияны алып тастау үшін оның орнына басқа станцияны таңдаңыз.

Алдан ала орнатылған радио станцияны таңдау

Тюнер режимінде алдын ала орнатылған радиостанцияны таңдау үшін, **▲ / ▼** түймесін немесе қашықтан басқару құралындағы сандық түймелерді қайта-қайта басыңыз.

7 Басқа мүмкіндіктер

Оятқыш таймерін орнату

Бұл Hi-Fi жүйесін оятқыш ретінде пайдалануға болады. Оятқыш көзі ретінде дискіні, тюнерді немесе USB құрылғысын таңдауға болады.



Ескертпе

- Сағаттың дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.

- 1 Күту режимінде **TIMER** түймесін [**SET TIMER**] (таймерді орнату) көрсетілгенше, басып тұрыңыз. Содан кейін дисплейде [**SELECT SOURCE**] (көзді таңдау) жазбасы қозғалады.
- 2 Оятқыш көзін таңдау үшін, көзді таңдау пернелерін басыңыз: **DISC**, **TUNER** немесе **USB**.
- 3 Растау үшін, **TIMER** түймесін басыңыз.
↳ Сағат сандары жыпылықтай бастайды.
- 4 Сағатты орнату үшін, **◀◀ / ▶▶** түймесін басыңыз.
- 5 Растау үшін, **TIMER** түймесін басыңыз.
↳ Минут сандары жыпылықтай бастайды.
- 6 Минутты орнату үшін, 4-5-қадамдарды қайталаңыз.
↳ Оятқыш белгішесі көрсетіледі.

Ұйқы таймерін орнату

Бұл Hi-Fi жүйесі алдын ала орнатылған уақыт кезеңінен кейін күту режиміне автоматты түрде ауыса алады.

Кезеңді (минуттар түрінде) таңдау үшін, **SLEEP** түймесін қайта-қайта басыңыз.

- ↳ Ұйқы таймері қосылғанда, **zZ** көрсетіледі.

Ұйқы таймерін өшіру үшін:

[**SLP OFF**] (ұйқы өшірулі) көрсетілгенше, **SLEEP** түймесін қайта-қайта басыңыз.

- ↳ **zZ** кетеді.

8 Өнім туралы ақпарат

Ескертпе

- Өнім туралы ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертіледі.

Ерекшеліктер

Күшейткіш

Номиналды шығыс қуаты	2X70 Вт ОКМ
Жиілік жауабы	63 - 16 000 Гц, ±3 дБ
Шу коэффициентіне сигнал	> 55 дБ

Диск

Лазер түрі	Жартылай өткізгіш
Диск диаметрі	12 см/8 см
Қолдау көрсетілетін диск	CD-DA, CD-R, CD-RW, MP3-CD, WMA-CD
Дыбыс DAC	24 бит / 44,1 кГц
Гармоникалық мазмұн	<1%
Жиілік жауабы	63 Гц - 16 кГц
С/Ш қатынасы	>65 дБА

Теңшегіш

Реттеу ауқымы	FM 87,5 - 108 МГц MW: 531 - 1602 кГц
Реттеу торы	FM: 50 кГц MW: 9 кГц

Сезімталдық	
- Моно, 26 дБ С/Ш қатынасы	<22 дБб
- Стерео, 46 дБ С/Ш қатынасы	<45 дБб
Іздеуді таңдау мүмкіндігі	<28 дБб
Гармоникалық мазмұн	<3%
Шу коэффициентіне сигнал	>45 дБ

Динамиктер

Үндеткіштің номиналдық қарсылығы	4ohm
----------------------------------	------

Жалпы ақпарат

Айнымалы ток қуаты	220 - 240 В ~, 50/60 Гц
Жұмыс үшін қуат тұтынуы	55 Вт
Күту режимінде қуат тұтынуы	<1 Вт
Қуат үнемдеу режимінде қуат тұтынуы	< 0,5 Вт
USB Direct	2.0/1.1 нұсқасы
Мөлшері	
- Негізгі құрылғы (Е x Б x Қ)	220 x 312 x 248 мм
- Динамик қорабы (Е x Б x Қ)	195 x 310 x 207 мм
Салмағы	
- Қорабымен	9,5 кг
- Негізгі құрылғы	3,4 кг
- Динамик қорабы	2 x 2,1 кг

USB құрылғысының ойнатылатыны туралы мәліметтер

Үйлесімді USB құрылғылары:

- USB флеш жады (USB 2.0 немесе USB1.1)
- USB флеш ойнатқыштары (USB 2.0 немесе USB1.1)
- Жад карталары (осы құрылғымен жұмыс істеу үшін қосымша карта оқу құралдары қажет)

Қолданылатын пішімдер:

- USB немесе жад файлы пішімі: FAT16, FAT32 (сектор өлшемі: 512 байт)
- MP3 арналған бит жылдамдығы (деректерді жеткізу жылдамдығы): 32-320 кбит/с және өзгертпелі бит жылдамдығы
- WMA v9 не одан бұрынғы
- 8 деңгейге дейін енгізулері бар каталогтар
- Альбомдар/ калталар саны: ең көбі 99
- Жолдар/жазылымдар саны: ең көбі 999
- ID3 тәгі, 2.0 нұсқасы немесе одан кейінгі
- Unicode UTF8 пішіміндегі файл атауы (ең үлкен ұзындығы: 128 байт)

Қолданылмайтын пішімдер:

- бос альбомдар: бос альбом - құрамында MP3/WMA файлдары жоқ және дисплейде көрсетілмейтін альбом.
- Қолданылмаған файл пішімдері өткізіліп жіберіледі. Мысалы, Word құжаттары (.doc) немесе .dlf кеңейтімді MP3 файлдары еленбейді және ойнатылмайды.
- AAC, WAV, PCM дыбыстық файлдары
- DRM арқылы қорғалған WMA файлдары (.wav, .m4a, .m4p, .mp4, .aac)
- Lossless пішіміндегі WMA файлдары

Қолдау көрсетілетін MP3 диск форматтары

- ISO9660, Joliet
- Ең көп тақырып саны: 511 (файл атауының ұзындығына байланысты)
- Ең көп альбом саны: 511
- Қолдау көрсетілетін үлгі жиіліктері: 32 кГц, 44,1 кГц, 48 кГц
- Қолдау көрсетілетін бит жылдамдықтары: 32~320 (кбит/сек), ауыспалы бит жылдамдықтары
- ID3 тәгі, 2.0 нұсқасы немесе одан кейінгі

Техникалық қызмет көрсету

Корпусын тазалау

- Жұмсақ тазалағыш ерітіндімен суланған жұмсақ шүберекті пайдаланыңыз. Құрамында алкоголь, спирт, аммиак немесе абразив бар ерітіндіні пайдаланбаңыз.

Дискілерді тазалау

- Диск кірлегенде, оны тазалағыш шүберекпен сүртіңіз. Дискіні ортасынан шетіне қарай сүртіңіз.



- Бензин, ерітінді, сатып алынған тазалағыштар немесе ұқсас жазбаларға арналған антистатикалық спрейді пайдаланбаңыз.

Диск линзасын тазалау

- Ұзақ уақыт пайдаланғаннан кейін диск линзасында кір не шаң жиналып қалуы мүмкін. Ойнату сапасын жақсарту үшін диск линзасын Philips CD линза тазалағышымен немесе басқа сатып алынған тазалағышпен тазалаңыз. Тазалағыштағы нұсқауларды орындаңыз.

9 Ақаулықтарды жою



Абайлаңыз

- Бұл құрылғының сыртқы корпусын шешуші болмаңыз.

Кепілдіктің жарамдылығын сақтау үшін жүйені ешқашан өзіңіз жөндеуге әрекет жасамаңыз. Бұл құрылғыны пайдалану кезінде мәселелерге кезіксеңіз, қызмет сұраудан бұрын төмендегі тармақтарды тексеріп шығыңыз. Егер мәселе шешілмесе, Philips веб-бетіне (www.philips.com/support) өтіңіз. Philips компаниясына хабарласқанда, құрылғының жақында болуын және үлгі нөмірі мен сериялық нөмір көрініп тұруын қамтамасыз етіңіз.

Қуат жоқ

- Құрылғының айнымалы ток қуат штепселінің дұрыс қосылуын қамтамасыз етіңіз.
- АТ розеткасында қуат болуын қамтамасыз етіңіз.
- Қуатты үнемдеу үшін, жолды ойнату соңына жеткеннен кейін және ешқандай басқару элементі пайдаланылмаса, жүйе 15 минуттан кейін автоматты түрде өшеді.

Дыбыс жоқ немесе нашар

- Дыбыс деңгейін реттеңіз.
- Динамиктер дұрыс қосылғанын тексеріңіз.
- Ашық динамик сымдарының қысылып қалған-қалмағанын тексеріңіз.

Hi-Fi жүйесінен жауап жоқ

- Айнымалы ток ашасын ажыратып, қайта жалғаңыз, одан кейін жүйені қайтадан қосыңыз.
- Қуат үнемдеу мүмкіндігі ретінде тректі ойнату соңына жеткеннен кейін және ешқандай басқару элементі істемесе, құрылғы 15 минуттан кейін автоматты түрде өшеді.

Қашықтан басқару құралы жұмыс істемейді

- Қандай да бір функция түймесін баспастан бұрын, алдымен негізгі құрылғының орнына қашықтан басқару құралымен дұрыс көзді таңдаңыз.
- Қашықтан басқару құралы мен құрылғы арасын жақындатыңыз.
- Батареяны көрсетілгендей қарсылықпен (+/- белгілері) туралап салыңыз.
- Батареяны ауыстырыңыз.
- Қашықтан басқару құралын құрылғының алдындағы сенсорға бағыттаңыз.

Диск таңдалмаған

- Дискіні салыңыз.
- Дискінің төмен қарап салынғанын тексеріңіз.
- Линзадағы ылғал конденсациясы тазаланғанша күтіңіз.
- Дискіні ауыстырыңыз немесе тазалаңыз.
- Пішімделген ықшам дискіні немесе дұрыс пішімдегі дискіні пайдаланыңыз.

Нашар радио сигналын қабылдау

- Құрылғы мен теледидар немесе бейнемагнитофон арасындағы қашықтықты көбейтіңіз.
- FM антеннасын түгелдей созыңыз.

Оятқыш жұмыс істемейді

- Сағатты/оятқышты дұрыстап орнатыңыз.

Сағат/оятқыш параметрі өшіріліп кеткен

- Қуат үзілген немесе қуат ашасы ажыратылған.
- Сағатты/оятқышты бастапқы қалпына келтіріңіз.

USB құрылғысына қолдау көрсетілмейді

- USB құрылғысы осы құрылғымен үйлесімді емес. Басқасын қолданып көріңіз.

10 Ескерту



Бұл өнім Еуропа қоғамдастығының радио кедергілеріне қойылатын талаптарына сай. WOOX Innovations тікелей рұқсат бермеген құрылғыға енгізілген қандайда бір өзгерістер немесе түрлендірулер пайдаланушының жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін.



**Be responsible
Respect copyrights**

Көшіруден қорғалған материалдың, соның ішінде компьютерлік бағдарламалардың, файлдардың, телерадио хабарлары мен дыбыстық жазбалардың көшірмелерін рұқсатсыз жасау авторлық құқықты бұзу және қылмыстық іс болуы мүмкін. Бұл жабдық осындай мақсаттарда пайдаланылмауы тиіс.



Бұл өнім қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.



Бұйымдағы сызылған дөңгелекшеі қоқыс жәшігінің белгісі көрінсе, ол бұйымның Еуропалық 2002/96/ЕС нұсқауына сәйкес оралғанын білдіреді.

Электр және электрондық бұйымдарды қоқысқа лақтыру жергілікті ережелерімен танысып алыңыз.

Жергілікті ережелерді сақтап, ескірген бұйымдарды әдепкі қоқысқа қоспай, жеке лақтыруыңызды өтінеміз. Ескі бұйымыңызды

қоқысқа дұрыс тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына кері әсерін тигізуден сақтайды.



Сіздің бұйымыңызда 2006/66/ЕС Еуропалық директивасына сәйкестендірілген қондырылған қайта жандандыруға болатын батарея бар, оны кәдімгі тұрмыстық қалдық ретінде лақтыруға болмайды. Батареяларды қоқысқа тастау жергілікті ережелерімен танысып алыңыз. Себебі бұйымдарды қоқысқа лақтыру ережелерін сақтау қоршаған ортаға және адам денсаулығына көрсететін кері әсерлерден сақтайды.

Айналаны қорғау мәселелер ақпараты

Барлық қажетсіз орамдар алынып тасталған. Біз орамды үш материалға оңай ажыратылатын етіп жасауға тырыстық: картон (қорап), көбік полистирол (буфер) және полиэтилен (дорбалар, қорғағыш көбік орауышы.)

Жүйе мамандандырылған компания тарапынан бөлшектенген жағдайда қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдар, ресурсы біткен батареялар мен ескірген жабдықты тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз.



Windows Media және Windows логотипі АҚШ-тағы және басқа елдердегі Microsoft корпорациясының тіркелген сауда белгілері болып табылады.

Бұл құрылғыда мына белгі бар:



2013 © WOOX Innovations Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Техникалық сипаттамалары ескертусіз өзгертіледі. WOOX кез келген уақытта бұрынғы жеткізілген жабдықтарды тиісінше реттеу міндетінсіз өнімдерді өзгерту құқығын өзінде қалдырады.



Specifications are subject to change without notice.
2013 © WOOX Innovations Limited. All rights reserved.
This product was brought to the market by WOOX
Innovations Limited or one of its affiliates, further referred
to in this document as WOOX Innovations, and is the
manufacturer of the product. WOOX Innovations is the
warrantor in relation to the product with which this booklet
was packaged. Philips and the Philips Shield Emblem are
registered trademarks of Koninklijke Philips N.V.

FWM210_12_UM_V3.0

